ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 15 қаңтар № 4360-23-00-2/3279 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«НУРАЛИЕВА» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айгул Нуралиева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер «НУРАЛИЕВА» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айгул Нуралиеваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «НУРАЛИЕВА» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айгул Нуралиева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «НУРАЛИЕВА» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айгул Нуралиевадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «НУРАЛИЕВА» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айгул Нуралиевадан талап қоюшы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда

университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына 23 131 (жиырма үш мың бір жүз отыз бір) теңге тұрақсыздық айыбы мен төленген 694 (алты жүз тоқсан төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «26» ақпан 2024 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 16.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.02.2024, судья Әбілқайысқызы А., 26.02.2024

1160-23-3-1/3478